

Олар мектеп мақтаныштары...



Болысова Меруерт Есенқызы - 1974 жылы туылған. 1991 жылы мектеп тарихында тұңғыш рет алтын медальмен бітірген түлек. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1996 жылы филология факультетін бітірген. Еңбек жолын мамандығы бойынша Ақтөбеде бастаған.



Тұмашева Фарида Тұмашқызы - 1975 жылы туылған. 1992 жылы мектепті алтын медальмен бітірді. 1996 жылы Ақтау университетінің экономика факультетіне түсіп, экономист мамандығын алып шықты. Мамандығы бойынша Ақтау қаласында еңбек жолын бастады.



Боранова Болған Махмутқызы - 1974 жылы туылған. 1992 жылы мектепті күміс медальмен бітірді. 1992-1996 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтының шетел тілдері факультетінде оқып, неміс тілі пәнінің мұғалімі атанды. Өз мамандығы бойынша Ақтау қаласында жұмыс жасайды.

Ерекше үлгідегі аттестат иелері...

1.Бимағанбетов Мұрат Табылғанұлы - 1977 жылы туылған. 1994 жылы мектепті ерекше үлгідегі аттестатпен бітірді. 1994-1999 жылы Алматы Технология институтын және Заң факультетін оқыды. Қазір Бейнеу ауданында қызмет атқарады.

2.Бимағанбетов Айдын Табылғанұлы - 1979 жылы туылған. 1996 жылы мектеп бітіріп, Алматы Мемлекеттік Басқару академиясының финанс -кредит факультетін бітірген. Қазір - жеке кәсіпкер.

3.Насухаева Жұпар Ыбырайқызы - 1980 жылы туылған. 1997 жылы мектеп бітірді. Алматы көлік және коммуникация академиясын 2002 жылы бітірген. Қазір Ақтау қаласында жұмыс жасайды.

4.Жетпісова Камшат Бегейбайқызы - 1980 жылы туылған. 1997 жылы мектеп бітірді.

5.Көбеншеева Нұрсұлу Қуандыққызы - 1981 жылы туылған. Мектепті 1998 жылы бітіріп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің шетел тілдер факультетін бітірген. Қазір Жанкелдин орта мектебінде мұғалім қызметін атқарады.

6.Әжібаева Ләйла Айтжанқызы -1981 жылы туылған. Мектепті 1998 жылы бітіріп, Ақтөбе медициналық академиясын бітірді. Қазір Ақтау қаласында облыстық перзентханада жұмыс жасайды.

7.Жаңбырова Гүлжамал Сұлтанқызы - 1983 жылы туылған. 2000 жылы мектеп бітіріп, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің филология факультетін қазақ тілі мен

әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Қазір Бейнеу колледжінде жұмыс жасайды.

8.Жетпісова Гүлмира Ақшабайқызы - 1983 жылы туылған. 2000 жылы мектепті бітіріп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. Қазір Ақтөбе қаласында аталған университетте сабақ береді.

9.Сынабаева Нұргүл Хисметқызы - 1985 жылы туылған. 2002 жылы мектеп бітіріп, Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінің финанс-кредит факультетін бітірген. Қазір Ақтау қаласында жұмыс жасайды.

10.Әжібаева Әсел Айтжанқызы - 1985 жылы туылған. 2002 жылы мектеп бітіріп, Алматы политехника институтын бітірген. Қазір Ақтау қаласында қызметте.

11.Айдарханова Нұрсұлу Ендіғойқызы - 1986 жылы туылған. 2003 жылы мектеп бітіріп, Ақтөбе қаласында транспорт академиясын аяқтаған. Қазір Сарға селосы әкімшілігінде қызмет атқарады.